

**ҚМ МСИ-ның 1995 жылғы 27 маусымдағы N 35 "Бағалы қағаздамен операция жасалғандағы салық төлеудің тәртібі туралы" Нұсқаулыққа өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті 1997 жылғы 22 қаңтар N 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 19 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 33. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 643 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Салық салу саласындағы ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді Конституциямен, Қазақстан Республикасының заң актілерімен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Күші жойылған деп танылсын:

2) ҚР ҚМ МСИ-ның 1995-жылғы 27-маусымдағы N 35 "Бағалы қағаздармен операция жасалғандағы салық төлеудің тәртібі туралы" Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің 1997-жылғы 22-қаңтардағы N 16 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1997-жылы 19-ақпанда N 33 тіркелген)...

Төраға

---

Салық заңын жетілдіру мақсатында және 1996 жылғы 31 желтоқсандағы " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235\_ Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының N 35 V950076\_ "Бағалы қағаздармен операция жасалғандағы салық төлеудің тәртібі туралы" нұсқаулығына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің бұйрығына N 1 қосымша 1 парақ көлемінде қосымша беріледі.

Т ө р а ғ а ,

Салық қызметінің 1 дәрежедегі  
Мемлекеттік кеңесшісі

Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік салық комитетінің

N\_\_\_\_\_ бұйрығына қосымша N\_\_\_\_  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ 19\_\_ ж.

**"Бағалы қағаздармен операция жасағандағы салық төлеудің  
тәртібі туралы" 1995 жылғы 27 маусымдағы N 35  
Нұсқаулығына өзгертулер мен толықтырулар**

"3 тармақтың 1 тармақшасы мынадай редакцияда берілсін:

Қазақстан Республикасының аумағындағы шығарылған бағалы қағаздар эмиссиясының алғашқы және қосымша бағасы, қолданымдағы заңға сәйкес жүргізілген акционерлік қоғамның мүлкін қайта бағамдау бағасы акциясының эмиссиясынан басқа".

Мысалы: Акционерлік қоғам құрылған кезде оның алғашқы акциясының эмиссиясы 1000 мың теңге болды. Сосын Үкіметтің қаулысына сәйкес мүлікке қайтадан бағамдау жүргізіліп оның жарғылық қоры 5000 мың теңгеге дейін көбейді. 4000 мың теңгеге қосымша эмиссия жасағанда акционерлік қоғам эмиссиясының проспектісін қайта тіркегені үшін салықтан босатылады.

5 тармақ мынадай редакцияда берілсін:

Бағалы қағаздар жөніндегі Қазақстан Республикасының тиісті органдары тіркеген кезде бағалы қағаздардың алғашқы шығымына (эмиссиясына) салық шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының 0,1%-і көлемінде төленеді.

Акцияның қосымша эмиссиясын тіркеген кезде акционерлік қоғамның мүлкін қайта бағамдау есебіне жататын эмиссиялардан басқалардың барлығына салық эмиссияның номиналдық бағасының 0,5%-і көлемінде төленеді.